

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру сапасы қанағаттанарлық деп табылсын;
- Жас мамандардың сабақтарына қатысып, бақылау жүргізу ДОІЖО және ДБЖО ға тапсырылсын;

ІХ ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова – 1.09-30.11.2023 ж. күндері аралығында жас педагогтардың кәсіби қиындықтарын анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. 2023-2024 оқу жылында 9 жас маман(8пән мұғалімі) жұмыс жасайды. Жас мамандардың бірнеше сабақтарына қатысып, сұхбат жүргізілді. Биылғы оқу жылында құбылданған 2 жас пән мұғаліміне тәлімгерлер тағайындалған. Электронды журналға тақырып таңдалғанмен бағалардың уақытылы қойылмауы, қысқа мерзімді жоспарларының сабақта толық орындалмауы, цифрлық білім беру ресурстарын тұрақты пайдаланбау сияқты кемшіліктер анықталып, көмектер ұйымдастырылды. Мектеп психологі Ж.Есбергенова мұғалімдерге тренингтер жүргізді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 9)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Жас мамандардың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмектер ұйымдастырылсын;

Х ТЫҢДАЛДЫ

ДОІЖО Г.Мұттахиқызы – Жалпы пәндер бойынша мектепішілік олимпиаданың кестесі жасақталып сенбі күнге қойылды. Әр сенбі күндері пән мұғалімдері уақытылы кестеге сай жұмыстарын өткізіп келеді.

Қараша айының басында мектепішілік 5-11 сыныптар арасында жаратылыстану және гуманитарлық пәндердің олимпиадасының кестесі жасақталып, бекітілді.

2 қарашадан бастап мектепішілік олимпиада кестеге сай өткізілді. Гуманитарлық пәндер мен жаратылыстану пәндер бойынша үш күнге бөлініп кесте жасақталды. Сол кесте бойынша кабинеттерге бөлініп жұмыстары алынды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 10)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ж.Бекболатова: Былтырғы оқу жылы республикадан 2 оқушымыз құқық, қазақ тілі пәндерінен орыналды. Биылғы жылы да оқушыларымыздың республикалық деңгейден көрінуіне дайындықты пысықтауымыз қажет.

С.Ерболатова: Жаратылыстану пәндерінен олимпиададан орындар аз алып жүрміз. Дайындықты күшейткен жөн.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Мектепішілік олимпиададан ауданға өткен оқушылармен пән мұғалімдері тығыз байланыста болып, дайындық жұмыстарын күшейту ДОІЖО Г.Мұттахиқызына міндеттелсін;

ХІ ТЫҢДАЛДЫ

ДОІЖО Г.Мұттахиқызы – Оқу жылының басында негізгі пәндерден пән мұғалімдері олықты анықтау мақсатында «0» білім кесіндісін жүргізді. Барлық пән мұғалімдерінің алған жұмыстарының пайыздық көрсеткіштері жинақталды. Нәтижелерін ескере келе олқылықпен жұмыс жоспарын құрды. Олқылықпен жұмыс жоспарларында көрсетілген оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар ҚМЖ да көрініс табу керектігі ескертілді. Үлгерімі төмен оқушылар анықталды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 11)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР жоқ